

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

**М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР
ИНСТИТУТЫ**

**«ОРАЗГҮЛ НҰРМАҒАМБЕТОВА ЖӘНЕ
ЭПОСТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

О.Ә. Нұрмағамбетованың туғанына 100 жыл толуына
арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

25 сәуір, 2024 жыл

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции,
посвященной 100-летию со дня рождения

О.А. Нурмагамбетовой

**«ОРАЗГУЛЬ НУРМАҒАМБЕТОВА И
ПРОБЛЕМЫ ЭПОСОВЕДЕНИЯ»**

25 апреля, 2024 года

Алматы

УДК 398 (574)
ББК 82.3 (5Қаз)
О 65

2023-2025 жылдарға арналған BR21882298 «Қазақстан әдебиеттануы мен өнертануы әлемдік гуманитарлық білімнің тұжырымдамалық эволюциясы аясында» нысаналы бағдарламасы аясында дайындалды

Жауапты редакторы:

филология ғылымдарының кандидаты Ж.С.Рақыш

Жауапты шығарушы: Е.Сманова

О 65 Оразгүл Нұрмағамбетова және эпостану мәселелері: О.Ә. Нұрмағамбетованың туғанына 100 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – **Оразгүл Нурмағамбетова и проблемы эпосоведения:** Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 100-летию со дня рождения О.А. Нурмағамбетовой. – Алматы: «Қазына», 2024. – 188 б.

ISBN 978-601-230-141-0

Жинақта «Оразгүл Нұрмағамбетова және эпостану мәселелері» атты көрнекті фольклортанушы О.Ә. Нұрмағамбетованың туғанына 100 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциядағы баяндамалар мен ғылыми мақалалар топтастырылған. Қазақ фольклортану, колжазбатану, әдебиеттану және тіл білімі ғылымының өзекті мәселелері қарастырылған. Бұл жинақ гуманитарлық ғылымдар мәселелеріне қызығатын қауымға арналған.

В сборнике опубликованы доклады, представленные на международной научно-практической конференции «Оразгүл Нурмағамбетова и проблемы эпосоведения», посвященной 100-летию со дня рождения видного фольклориста О.А. Нурмағамбетовой и научные статьи. Рассмотрены актуальные вопросы казахской фольклористики, рукописоведения, литературоведения и языкознания. Предназначено всем, кто интересуется проблемами гуманитарной науки.

УДК 398 (574)

ББК 82.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-230-141-0

© М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2024

МАЗМҰНЫ

<i>Ыбыраев Ш.</i>	Эпостың көпнұсқалығы және Оразгүл Нұрмағамбетова зерттеулерінің мәні.....	5
<i>Рақыш Ж.</i>	Оразгүл Нұрмағамбетова және қолжазба қорының қалыптасуы.....	11
<i>Негимов С.</i>	О. Нұрмағамбетова – халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, жариялаушы, зерттеуші.....	21
<i>Пангереев А.</i>	О. Нұрмағамбетованың «Қобланды батыр» жырының тарихи негіздерін зерттеуі.....	27
<i>Ананьева С.В.</i>	Концепт преданность в науке и судьбе О.Нурмагамбетовой.....	33
<i>Жүгенбаева Г.</i>	Фольклортанушы ғалым О.Нұрмағамбетованың мұрасы: пәнаралық талдау мәселелері.....	40
<i>Жүсіпов Б.</i>	Қобыландының қарындасы (Оразгүл Нұрмағамбетова және қазақтың эпостану ғылымы).....	56
<i>Әбжет Б.</i>	«Қобыланды батыр» жырындағы Қобыланды, Көбікті, Қазан секілді адам аттарының тарихи оқиғаларға қатысы туралы.....	73
<i>Әуесбаева П.</i>	Ертегі сюжетіндегі эпос әсері.....	83
<i>Ақан А.</i>	«Көрұғлы сұлтан өлеңі» дастанының нұсқалары туралы.....	97
<i>Абасилов А.</i>	Сыр бойындағы сөз саптау мәдениеті (Оңғар жырау шығармаларының тілі мен стилі).....	106

ОРАЗГҮЛ НҰРМАҒАМБЕТОВА ЖӘНЕ ҚОЛЖАЗБА ҚОРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Жұмашай РАҚЫШ,

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
Қолжазба және мәтінтану орталығының директоры,
филология ғылымдарының кандидаты*

Оразгүл Әмірәліқызы Нұрмағамбетова – филология ғылымдарының докторы, профессор, фольклортанушы, эпостанушы, әдеби мұралар мен халық ақындарының шығармашылығын жинауға, жариялауға, зерттеуге үлкен еңбек сіңірген ғалым.

Оразгүл Нұрмағамбетова 1924 жылы 17 сәуірде Қызылорда қаласында (бұрынғы Ақмешіт) қаласында дүниеге келген. Әкесі Сарыбаев Әмірәлі 1920 жылы Қызылорда қаласына көшіп келгеннен кейін артельде, сосын ұзақ жылдар бойы қалалық диірменде жұмыс істеген. Оразгүл Әмірәліқызы 1931–1937 жылдары Қызылорда қаласындағы Ғани Мұратбаев атындағы жеті жылдық мектепте оқиды. Мектепті бітірген соң, 1937–1938 жылдары сол қаладағы темір жол техникумында оқиды, бірақ оны аяқтауға мүмкіндік болмайды. 1938 жылдың қарашасынан 1939 жылдың тамызына дейін Н.В. Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институты жанындағы он айлық даярлық курсына аяқтап, 1939 жылдың қыркүйегінен 1941 жылдың мамырына дейін аталған институттың орыс тілі мен әдебиеті факультетінде білім алады. 1941 жылдың мамыр айында Нұрмағамбетов Садық Құсайынұлына (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіндегі 1-шақырылым (1938-1946), 2-шақырылым депутаты (1947-1951), Қазақ КСР халыққа білім беру ісінің үздігі, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер болған) тұрмысқа шығып, Алматы қаласына көшіп келгеннен кейін, Абай атындағы Алматы педагогикалық институтына

оқуға ауысып, орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жоғары білім алады.

Еңбек жолын 1944 жылы ҚР Халық ағарту комитетінде тексеруші болып бастайды. 1945 жылдан КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының Тарих, тіл және әдебиет институтына аспирант болып келіп, 1961 жылдан Қазақ КСР ҒА М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, бөлім бастығы, директордың орынбасары болып қызмет атқарады.

О.Нұрмағамбетова 1948 жылы фольклорлық-этнографиялық экспедиция құрамында Ақтөбе өңіріне барады, халық ақыны, жыршы Нүрпейіс Байғанин жырлаған эпостық мұраны жинап, жүйелеп, жыр жинағын 1948-1950 жылдары баспаға дайындайды, шығармашылығы жөнінде диссертациялық көлемде толыққанды ғылыми зерттеу жүргізеді.

Жалпы Нүрпейіс Байғаниннің шығармаларын жинап, жазып алу жұмысы 1938 жылдан басталады. Халық ақындарын іздеп табу үшін арнайы тапсырмамен ақын Дихан Әбілев Ақтөбе облысына келіп күмбір жырды көмейінде сақтаған Н.Байғанинмен кездеседі. Қарт Жамбылдың мерейтойына Алматыға шақырылған Нүрпейістің атағы бүкіл республикаға кең таралып, өкімет тарапынан оның шығармашылығына аса көңіл бөлініп, қамқорлық жасалады. Нүрпейіс жыраудың мұрасы Жазушылар одағы әдеби хатшылыққа бекіткен Ахмет Ескендіров, Мәселе Жаңабаев пен Қуандық Шаңғытбаевтың жазып алуымен кейінгі ұрпаққа жетті [3].

Оның өте бай репертуарында «Құбығұл», «Төрехан», «Қобланды», «Қырымның қырық батыры» т.б. көптеген эпостық жырлар бар. «Қобланды батыр» жырының көркем, оқиғасы күрделі, 9300 жолдан тұратын көлемді нұсқасын Нүрпейіс Байғанин жырлаған. Ақынның орындауынан жыр нұсқасын 1940 жылы латын әрпімен А.Ескендіров жазып алған. Жырдың кіріспесінде Нүрпейіс батырлар жырын 17 жастан

бастап айта бастағанын, бірнеше буыннан бері ұрпақтан-ұрпаққа, ауыздан-ауызға жалғасып келе жатқан «Қобланды батыр» жыр мазмұнын Мақсұт ақыннан үйренгенін айтады екен. Оның ерекше шабытпен жырлаған нұсқасында Ақтөбе өңірінің жер-су атаулары көп кездеседі.

1953 жылы «Нұрпейіс Байғанин – советтік дәуірдің жыршысы» деген тақырыпта кандидаттық, 1991 жылы «Қазақтың қаһармандық эпосы – «Қобыланды батыр» эпосы бойынша докторлық диссертациясын қорғайды.

Негізгі ғылыми еңбектері ұлттық эпостану және халық әдебиетін зерттеуге арналған. Оразгүл Әмірәліқызы жыр алыбы Жамбыл Жабаев поэзиясы туралы «Творчество Джамбула» (1956), «Ұлы жыршы» (Ә.Тәжібаевпен бірге, қазақ және орыс тілдерінде, 1972), «Жамбыл және халық поэзиясы» (1976) атты еңбектер жазған. Соғыс кезіндегі халық шығармашылығына арналған «Қаһарлы сөз қамал бұзады» (1965), «Казахская народная поэзия в годы Великой Отечественной Войны» (1965) зерттеулері жарық көрген.

Фольклорлық шығарманы жинау әдістемесіне арнап профессор Н.С.Смирновамен бірге «Қазақ халқының ауыз әдебиетін жинаушыларға көмек» атты қысқаша бағдарлама (1960) құрастырған. «Білім» қоғамы арқылы «Семья бақыты – сыйластық» деген лекторға көмекші материал (1973) жазды.

Оразгүл Нұрмағамбетова – отандық және одақтық фольклортанушылар арасында «Қобланды батыр» жырының зерттеушісі ретінде танылған ғалым. Н.Байғанин туралы деректер жинау барысында ғылымдағы негізгі тақырыбы «Қобыланды батыр» жырын зерттеп зерделеу туралы тоқтамға келеді [1]. Ғалымның зерттеу бағдарын таңдауына 1953 жылғы эпос жөніндегі дискуссия тұсындағы жағдайлар да, шыққан тегі қыпшақ руынан екені де ықпал еткен сынайлы.

1957 жылы «Қазақ эпосы» топтамасының «Қобыланды батыр» жырына арналған 4-кітабын М.С. Сильченкомен бірге

құрастырған. «Қобыланды батыр» жырының 29 нұсқасын тауып, оларды салыстыра отырып, жырдың негізгі нұсқасын жасауы, Н.В. Кидайш-Покровскаямен бірлесіп 1975 жылы Мәскеуде «Эпос народов СССР» сериясымен «Қобыланды батыр» жырының академиялық басылымын жариялауы қазақ фольклортану ғылымына қосылған айтарлықтай үлес болды. «Казахская ССР» 4 томдық қысқаша энциклопедияның 4-томына (1991), «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясына (1999) осы жыр жөнінде мақала жазды. Көп жылғы ізденістерінің нәтижесінде «Қазақтың қаһармандық эпосы «Қобыланды батыр» (2003) монографиясы қазақ және орыс тілдерінде жарияланды [2].

Нұрпейіс Байғаниннің шығармалар жинағы (1950, 1956), таңдамалы шығармалар жинағы (1990), «Жамбыл Жабаяев» шығармаларының үштомдық (1955), толық жинағы (1957), таңдамалы жинағы (орыс тілінде, 1981), «Батырлар жыры» 1-том (1959), 2-том (1961), 3-том (1964), «Ақсауыт» батырлар жырының екі томдығын (1977), «Айтыс» және «Қазақ халық әдебиеті» көптомдығының «Алпамыс», «Қобланды», «Қамбар», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Қырымның қырық батыры» (Мұрын жыраудан) топтастырылған 1, 5, 11, 12-томдарын (1986-1990), «Едіге батыр» (1996, 1999) жинағын құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазды.

«Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақтың қазіргі халық поэзиясы», «Жамбыл және халық поэзиясы» (1976), «Қазақ эпосын айтушы, жыршы, жыраулар» тарауын «Фольклор шындығы» (1990), «Қобыланды батыр» эпосының тілдік-көркемдік сипаты» тарауын «Қазақ фольклорының поэтикасы» (2001) және т.б. іргелі еңбектер жазды.

Ғалым Оразгүл Әмірәліқызы 1906 жылы Орынбор архив комиссиясы хатқа түсірген «Қобыланды батыр», «Бозмұнар» жырларының көшірмелерін 1955 жылы Орынбор архивінен алдыртып, ел қазынасының толығуына себепші болды,

бұл әдеби мұралар сол кезде ғылыми қауымның назарын аударды. Сонымен қатар 1920 жылғы Сырдария экспедициясы материалдарының көшірмелері М.О. Әуезов институтында жинақталып, жүйеленіп, ғылыми айналымға түсіп, ел игілігіне айналуына мол күш жұмсады.

1950-1970 жылдары Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Семей, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай облысы, Сырдария, Әмудария бойына ұйымдастырылған бірнеше фольклорлық-этнографиялық экспедиция нәтижесінде халқымыздың жыршылық дәстүрінің, ауыз әдебиеті нұсқаларының мол қазынасы хатталып жиналды. Қолжазба қорының жүйеленуі, сақталуы, сирек қолжазбалардың картотекасын жасау мәселесі Оразгүл апайдың назарында болды. Қолжазба қорындағы мол материалдың жанрлық құрамын анықтап, қолжазбаларға ғылыми сипаттама жазылып, жыр нұсқаларының саны мен таралу аймағын межеленді [4].

Халық ақындарының өмірбаяндары жер-жердегі жинаушылар немесе институт қызметкерлері арқылы жазылып алынды, оның ішінде Тіл, әдебиет институтының ғылыми қызметкері Оразгүл Нұрмағамбетова 1960 жылы 24 наурызда жазған Нұрпейістің өмірбаяны Ғылыми кітапхананың 1113-бумасында, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазба қорының 369 және 370-бумасында жинақталған. Қазақ КСР Мемлекеттік бақылау министрлігіне директордың орынбасары Ғ.Мұсабаев халық ақыны Н.Байғаниннің шығармалар жинағын дайындау Қаз КСР Министрлер кеңесінің қаулысы бойынша Тіл және әдебиет институты мен Қазақстан Кеңес жазушылары одағына тапсырылғанын, 1947 жылғы баспа жоспарына енгізілмей, қаржы қарастырылмағандықтан 1948 жылы ғана Байғанин шығармаларын жинауға кірісіп, 1949 жылғы 2 шілдеде институттың Ғылыми кеңесі шешімімен Қоғамдық ғылымдар бөліміне ұсынылғанын, қазір жұмыс баспада екенін айтып

түсінік берген. Қазақ КСР ҒА президентінің көмекшісі А.Сыздықовтың тапсырмасымен О.Нұрмағамбетова жазған анықтамаға қарағанда, 1947 жылдан бастап Байғанин шығармашылығын зерттеумен айналысып, институт қызметкерлері 1950 жылы Н.Байғаниннің шығармалар жинағын қазақ тілінде, 1956 жылы Н.Байғанин шығармалар жинағының түзетілген 2-басылымын дайындаған, осыдан кейін ақынның шығармаларын жариялаумен айналыспаған екен.

Нұрпейіс Байғаниннің мұрасына қатысты «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапхана сирек қолжазбалар қорында он бес бума (62, 88, 103, 105, 120, 121, 524, 649, 705, 711, 843, 886, 887, 1049, 1113-бума), М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында он бес бума (1, 2, 168, 169, 170, 369, 370, 414, 426, 427, 428, 559, 566, 786, 946-бума) жинақталған. Нұрпейіс Байғаниннің шығармаларын, қолжазбаларын қорға тапсырған Оразгүл Нұрмағамбетованың ғылымды ұйымдастырушылық, жинаушылық қызметі, қандай жағдайда және қалай жазып алынды деген мәселелер терең зерттеуді қажет етеді. О.Нұрмағамбетованың қолтаңбасы сақталған қолжазба қорындағы халық ақыны Байғаниннің мұраларының кейінгі зерттеушілер үшін құны жоғары. Кеңес өкіметінің бағытына сай келетін, социализмнің көсемдері Ленин мен Сталинді жырлаған, түрлі тақырыптағы өлеңдерімен қатар көлемді эпикалық жырлары да жазылып алынғаны, Байғаниннің рухани мұрасының қолжазба қорларында сақталуы қазіргі таңда текстологиялық және деректанулық тұрғыдағы зерттеулерге жол ашады. Қолжазбадағы түзетілген, шимайланған тұстарды бастапқы қалпына келтіріп анықтауға осы заманда мүмкіндік бар.

Нұрпейіс Байғанин өлеңдерін ақынның айтуынан 1938 жылы Оразгүл Нұрмағамбетова жазып алып, ғылыми қорға өткізген. Қазіргі уақытта бұл қолжазбалар «Ғылым ордасы» Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында 711-

бума, 7-дәптерде сақтаулы. Аталмыш қолжазба қорында (741-бума, 1-дәптер) Кеншімбай Жұбандықов ақыннан Кеншімбай мен Мақпал қыздың айтысы мен «Түйе намаз» өлеңін жазып алған.

Сондай-ақ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында 169-бумадағы бес дәптерде Нұрпейіс Байғанин өмірі мен шығармашылығы жайындағы құнды деректер, оның ішінде Орынбор (1938-1957 жылдар аралығында Чкалов деп аталған) мемлекеттік Орталық архивінен (фонд 94, д.112) алынған құжаттар, 1948 жылғы Ақтөбе экспедициясында жиналған, Қазақстан Жазушылар одағының Н.Байғанинге берген мінездемесінің көшірмесі, жыршының өмірбаяны, араб әрпінде, машинкаға басылған 76 бет материалды жинап тапсырған.

170-бумада Н.Байғанин шығармаларының хатшылары жазған қолжазбалары мен газетте басылғандары «Даңқты жиырма сегіз», «Жиырма бес», «Комиссар Пожарский», «Нарқыз», «Ақын», «Капитан Гастелло», «Ақкенже» поэмалары мен өлеңдері, машинкаға басылған, латын әрпінде, 450 бет. Тапсырушысы: Оразгүл Нұрмағамбетова.

Халық жыршыларының көзін көріп, жырларын хатқа түсірген О.Нұрмағамбетова 1958 жылдың ақпан айында институтқа жыршы Рахмет Мәзқожаевты (1881-1976) арнайы шақыртып жадында сақтап келген мол мұрасын Мәлике Ғұмарова екеуі жазып алған. 333-бумада «Халық алдына салатын жырларым» жыр желісі, «Терме», «Жолбарыс мінген ұры», «Сұрмерген», «Кедей Қамбар жыры», «Көрұғлы», «Үш жігіт», «Жеті ашық», «Шаһзада батыр», «Ораз молда», «Күдері ақынның тарихы (Күдері мен Ұлбике айтысы)», «Үсен тазша мен Ақжарқын сұлудың айтысы», «Алшынның қызы Айманкүл мен Майлықожаның айтысы», «Қасқыр мен тырна», «Бұлбұл мен есек», «Орманнан қасқыр келді», «Елге қашып», «Бақа мен өгіз», «Кедейдің арманы» дастандары мен

Кеңес үкіметі тұсындағы өлеңдері сегіз дәптерде жинақталған. «Кедей Қамбар батыр» жырының машинкаға басылған 39 бет көшірмесі Қолжазба қорының 45-бумасында сақтаулы. «Халық жырауы Ғылым академиясында» («Қазақ әдебиеті», 9.05.1958 жыл) атты мақаласында Рахмет Мәзкожаевтың жадында сақталған қазынаны жазып алуға күш салғанын мәлімдеген [5].

414-бумада машинкаға басылған «Құбығұл» дастаны мен «Комиссар Пожарский» поэмасы 1992 жылы Нұрпейіс Байғаниннің «Жазушы» баспасынан шыққан жинағында алғаш рет жарияланды. Баспаға әзірлеген Оразгүл Нұрмағамбетова, М.Ғұмарова, Б.Уақатов, Б.Ысқақовпен бірге баспаға дайындаған Кеңес дәуірі халық ақындарының шығармалар жинағы 453, 456-457-бумаларда қамтылған.

Ел арасындағы халық мұрасын жинаушылармен тұрақты түрде хат жазысып, ақыл-кеңесін айтып тұрған Оразгүл апайға арналған хаттар легі де біршама, соның бірі 507-бумада «О.Нұрмағамбетоваға хат» деп аталатын сәлем-хатты атауға болады.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлының мұрасы «Ел аузынан жазылған сөздер» деген тақырыптағы 875-бумада бес дәптерде жинақталған. «Толғау-термелер» 47 бет, ақын Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармалары (өз қолтаңбасы, 188 бет), толғау, термелер, нақыл сөздер, дастандар, мақал-мәтелдер араб әрпінде 615 бет. Нақыл сөздер жинағы 50 бет. Тұрмағамбет Ізтілеуовтың шығармалары 114 бет, 216 бет. Ақын Тұрмағамбеттің шығармашылығы жөнінде пікір, ӘӨИ және ОҒК қорындағы Тұрмағамбет шығармаларының көрсеткіші қамтылған. Осынау құнды мұра 1980 жылы түскен, тапсырушысы Тұрмағамбетов Әбдірауық, жинаушысы Нұрмағамбетова Оразгүл. Тұрмағамбет жыраудан жеткен қолжазбаның талайлы тағдырына қатысты біраз жайтты фольклортанушы, музыкатанушы, жыршы Берік Жүсіп баспасөз

беттерінде дабыл қағып айтып еді, бұл әңгіме таратып айтуды қажет етеді [6].

1070-бумада араб әрпінде 32 бет көлемінде халық ауыз әдебиеті үлгілерін Мәриям Хакімжанова 1942 жылы жазып алып, жинаған. Қолжазба қорына тапсырған О.Нұрмағамбетова.

Оразгүл Нұрмағамбетова «Асыл мұра» атты зерттеуінде ауыз әдебиетінің дара сипатын және оны хатқа түсіру тарихын баяндайды.

«Қазақ эпосын айтушы жыршы, жыраулар» атты байыптамаcында, ауызша поэзияның көркемдік, композициялық құрылымын, әдіс-тәсілдерін, табиғатына тоқталмас бұрын білгір эпостанушылардың Ш.Уәлиханов, В.Карлсон, А.Ф.Лосевтердің елеулі пікірін саралайды.

Оразгүл Нұрмағамбетованың ғылыми еңбектері «Өмір өрнектері» атты зерттеулер, естеліктер, хаттар жинағы (Астана, 2004) жарияланды.

Оразгүл Нұрмағамбетованың ғылыми еңбегі мен фольклортануға қосқан үлесі туралы 2009 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында профессор Берік Рақымның жетекшілігімен ізденуші Жазира Искакова «Оразгүл Нұрмағамбетова – фольклортанушы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

Институтта он алты жыл директордың орынбасары қызметін атқарған кезде фольклортанушы мамандардың қалыптасуына ықпал етіп, жас кадрлардың Мәскеуде тағылымдамадан өтіп, аспирантурада оқуына септігін тигізді, қолжазба қорының толығына өлшеусіз үлес қосты. Қолжазба бөлімнің меңгерушісі болған жылдары фольклорлық ғылыми жинақтардың жариялануына көп еңбек сіңірді.

Әдебиеттер

1. Нұрмағамбетова О. Өмір өрнектері: Зерттеулер, естеліктер, хаттар. – Астана: Cosmos, 2004. – 435 б.

2. Нұрмағамбетова О. Қазақтың қаһармандық эпосы «Қобыланды батыр» – Казахский героический эпос «Қобланды батыр». / Құраст., алғы сөзін жазған Жүсіпов Б.; Ред. Тұрғанбаев А. – Алматы: Дешті Қыпшақ, 2003. – 480 б.

3. Рақыш Ж. Ғылыми қорлардағы Нұрпейіс Байғаниннің қолжазба мұрасы // Керуен. 2015. № 6. Б. 39-46.

4. Жүсіпов Б. Оразгүл Нұрмағамбетова және қазақ эпостану ғылымы // Жырдария. Ғылыми-танымдық мақалалар, эсселер мен сұхбаттар. – Алматы: Ағна-б, 2009. – 2003. – Б. 216-231 (276 б.).

5. Мәзқожаев Р. Халық жырауы Ғылым академиясында // Қазақ әдебиеті. 1958. 9 май.

6. Алпысбаева Қ.Б., Әуесбаева П.Т. Қолжазба қорларындағы батырлық жырлардың жиналу тарихы. Монография. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2017. – 336 б.

Ұйымдастыру комитеті жарияланып отырған мақалалардың
мазмұнына жауап бермейді.

Оргкомитет конференции не несет ответственность за
содержание публикуемых статей.

Конференция ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландырған
BR18574216 «Уақыт пен кеңістіктегі мәдени құндылықтар
транзиті» (2023-2024) атты қолданбалы ғылыми жоба аясында
өткізілді.

Конференция проведена в рамках финансирования
Комитета науки МНВО РК прикладного научного проекта
BR18574216 «Транзит культурных ценностей во времени и
пространстве» (2022-2024).

*Жинақ «Қазына» баспасының компьютер
орталығында беттелді.*

Компьютерде беттеген: О.А. Баймбетова

Басуға 06.06.2024 қол қойылды.

Пішімі 60x84 ¹/₁₆.

Қаріп түрі “Times New Roman”.

Шартты баспа табақ 11,75.

Таралымы 100 дана.

Тапсырыс № 29.

«Қазына» баспасы.

Алматы қ.

Латиф Хамиди, 4 а, 9.

ISBN 978-601-230-141-0



9|786012|301410